

Таңжарықова А.В.,¹ Сатемирова Д.А.²

^{1,2}Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті,
Алматы, Қазақстан

ҚАЗАҚ ПРОЗАСЫНДАҒЫ ЭЗОТЕРИКАЛЫҚ САРЫНДАР

Аңдатпа

Бұл мақалада қазақ әдебиетіндегі жаңашылдық, жанрлық ізденістер мен эзотериялық сарын қарастырылады. Қазақ әдебиетіне ұлттық бояуды сіңіре отырып, жаңа бояу қалыптастырған қазақ жазушыларының анимистік, тотемдік ұғымдар, аталар аруағына табыну, киелі, дүниеден көшкен жанның аруағын еске алып, қабірін қастерлеу дәстүрі, эзотерикалық культ ұғымдарын қолданудағы ерекшеліктері айқындалады. Тәңірлік космогониялық сенім, культ, архетиптік бастау түсініктері, эзотерикалық тылсым сана қазақ прозасында ауыз әдебиетінен үзілмей келе жатқан дәстүр аясында пайымдалады.

Түйін сөздер: қазіргі әдебиет, ұлттық болмыс, тотемдік ұғымдар, космогониялық сенім, культ, архетип, эзотерикалық сарын, көркемдік шешім

Tanzharikova A.,¹Satemirowa D.²

^{1,2}Kazakh National Pedagogical University after Abay,
Almaty, Kazakhstan

ESOTERIC MOTIVES IN KAZAKH PROSE

Abstract

In this article the innovation, genre searches and esoteric motives are considered in Kazakh literature. The Kazakh writers, who have researched the national color in the Kazakh literature and they formed a new coloristic, found out the animistic, totemic concepts, the cult of ancestors, the cult, the traditions of venerating graves and the memory of people who have left the world, and the peculiarities of using esoteric cult concepts. The tengrian cosmogonic faith, cult, archetypal origins and esoteric mystical consciousnesses are interpreted in Kazakh prose within the framework of a tradition uninterrupted by oral literature.

Keywords: modern literature, national existence, totemic concepts, cosmogonic faith, cult, archetype, esoteric motive, artistic solution

Таңжарықова А.В.¹, Сатемирова Д.А.²

^{1,2}Казахский национальный педагогический университет имени Абая,
Алматы, Казахстан

ЭЗОТЕРИЧЕСКИЕ МОТИВЫ В КАЗАХСКОЙ ПРОЗЕ

Аннотация

В этой статье рассматриваются новаторство, жанровые искания и эзотерические мотивы в казахской литературе. Казахские писатели, впитавшие в казахскую литературу национальный колорит и сформировавшие новую колористику, обнаруживают анимистические, тотемные понятия, культ предков, культ, традиции почитания могил, памяти ушедших из мира людей, особенности применения эзотерических культовых понятий. Тенгрианская космогоническая вера, культ, архетипические истоки, эзотерическое мистическое сознание трактуются в казахской прозе в рамках традиции, не прерываемой устной литературой.

Ключевые слова: современная литература, национальное бытие, тотемные понятия, космогоническая вера, культ, архетип, эзотерический мотив, художественное решение

Кіріспе. Көне анимистік, тотемдік ұғымдар аталар аруағына табыну, киелі, дүниеден көшкен жанның аруағын еске алып, қабірін қастерлеу дәстүрі, эзотерикалық культ қазақта күні бүгінге дейін жалғасып келеді. М.О. Әуезов - әуел бастан-ақ эзотерикалық сарындарды шығармашылықпен игерудің өзіндік өрнегін салған қуаты зор қаламгер. «Қорғансыздың күні» атты классикалық туындысында: «Кемпір күннің түрін көріп, назалы дауыспен: «Құдай, тағы төбеменен ұрайын деген екенсің ғой! Қарағым адасты ғой. Ұшып өлді ғой. Аруақтарым, қолдай ғөр! Ақсарбас! – деп баласын шақырып айкайлай бастады» [1,79]. Осынау тілдік белгілер қазақтың болжау, сезу, эзотерикалық қалып-

болмысына мейлінше тән когнитивтік түзілістер категориясына жатады. Соны жазушы драмалық қисыны ерен әңгімесінде қанық берген.

Әдістеме. Көк түркілердің заманында космогониялық сенімнің ең қуаттысы аспанды құрметтеу болғаны белгілі. Тылсыммен тілдесе алатын, екі дүниенің арасын жалғайтын халық арасынан шыққан ерекше адамдар – бақсылардың болғаны аян. Мәселен, Асқар Алтайдың еңбегінде тәңір-иеге табынуды «Қолма-қол ауыл азаматының бірінен тыстан қалмақтың атақты қара бас қойын алдырып, Сауан кемпір көкке қолын жая «Көк Тенгір» деп отқа май құйды, қазақ жиеніне мал шалдырды» [2. 19,133]. Асқар Алтайдың туындысында Ұлардың нағашы жұртына – қалмақтың Торғауыт руының кісілеріне қонақ бола барғанда, оны нағашысы - Шадан мен Долай бақсы аңға ертіп шығады. Жазушы бақсыны былайша суреттейді:

«Жетіпске ілінген Долайды әдейі ерткен сияқты. Нағашысы Шаданнан естуінше, кәрі Долайдың көрмегені жоқ, естімегені аз. Қобының кісікиігін аулаған, кісікиігін торлаған. Жауырынға салып бал ашады. Даңғыра қағып бақсы-балгерлігін істейді. Бұл шұнақ құлақ бураның ашамайында даңғыра ілулі. Қара қынапты қайқы қылышы белінде асулы Ол да ат сауырын, жел бауырын жабардай қалың қара тұлыптың астында қалыпты» [2.140].

Ертеңіне таң ата даңғыра даусынан оянған Ұлар мен Шадан жанған оттың жанында зікір салып жүрген Долайды көреді. Бақсының сол сәттегі кейпі: «Долай шетіне шылдырмақ орнатылған, толған айдай даңғырасын басынан асыра көтеріп, кейде кеудесіне баса саусақтарымен сабалап, аузынан ақ көбік шаша зікір салып жүр. Еріп жатқан қар үстінде жалаң аяқ, жалаң сирақ зыр қағады», - деп бейнеленген. [2.142]

«Бақсы» деген сөзге профессор Б.Абылқасымов: «Қазақтың бақсылық ұғымына әлемдік этнография мен фольклортануда әбден қалыптасқан «шаманство» термині сәйкес келеді. Бұл терминнің, әсіресе, мол қолданылған кезі – XIX ғасырдың соңы мен XX ғасырдың басы. Одан кейінгі уақытта «шаманизм» атауы үстем бола бастайды, бірақ «шаманство» да қатардан қалмайды. Бергін келе екеуінің аражігін ашып, жеке-жеке ұғымда қолданайық дейтін пікірлер де туады», - [3.198-199] деген анықтама берген.

А.Алтай бейнелеген Долай бақсының да жындар мен сайтандарға әмір жүргізе алатын құдіретті күшке ие екенін роман-мифтің мынадай үзінділері дәлел бола алады:

«Жуан белден үйілген шыны сексеуіл жылуы жан шыдатпай шалқып жатса да, өз-өзін ұмыта өлермен күйге енген Долай бақсы тоқтар емес, қайта сәт сайын жараған жүйріктей бусанып, шеке тамырлары шодырая шорланып, үкідей үні зараланып, жын-сайтандарын шақырып, пері-періштелеріне жалбарынып, жұлын-жүйесі шиыршық атып, от маңын жын ойнаққа айналдырып алғандай» [2.143].

А.Алтай да өзінің кейіпкері – Долайдың бақсылығымен қоса жауырыншылығы да бар екенін атап өткен. Соған орай оған да болжаушылық қасиет тән екені роман-мифте Ұлар мен оның сүйген қызының ояп болатынын күн бұрын сезгенінен байқалады. Оны жазушы бақсының Ұлармен қоштасқан сәтін: «Долай бақсы мен Шадан нағашысы да азаматтың арналы, аңсарлы сезім сырын түсінді. Жас адамның албырт мінезіне таңдана сүйсінген. Долай бақсы жыны жон бергендей, бір жайдан хабардармын дегендей, сүйсіне тұрып тіксінген... Жас жігіттің ісі мен қан қызыл гүлдің түсі әлдеқандай сезімін қозғай сескентті», - деп суреттеу арқылы аңдатады [2.148]

Белгілі жазушы Тұрсынхан Зәкенұлының «Көк бөрілердің көз жасы» атты романында да бақсы образы халықтың наным-сенімін жан-жақты ашатын көркемдік деталь болып табылады. «Көк бөрілердің көз жасы» атты романы қазақ халқы қазақ атанбай тұрған, жеке-жеке туыс тайпалар болып топтасқан заманда, Шыңғысхан билік құрған дәуірде бағзы тарихына тереңдеп баруымен құнды. Ұлы даланың тарихы саналатын бұл дәуірдің ерекшеліктері мен кейінгі уақыттың қадау-қадай басты белгілерін, ұлттар мен ұлыстардың тағдырларын анықтап бергендігінде болса керек. Тарихты ешкім қайта жасай алмайды немесе бұрмалауға да құқы жоқ.

Ертеде көне түркілік заманда, кейіннен қазақ тайпаларын құраған ірі тайпалар бір-бір мемлекет болып, көк тіреп тұрған. Соның бірі – найман тайпасы. Шыңғысхан әу баста жеңіп ала алмаған наймандар күшті ұлы болатын. Бірақ ауызбіршіліктің жоқтығынан ақыры найман Шыңғыс ханнан жеңілді.

Жазушы бұл тарихи ауыр мезетті «Көк бөрілердің көз жасы» деп тұспалдап атайды. Романтикалық, эзотерикалық сарындары мол болуымен де оқырманды тартатын бұл роман расында тарихшының түркі шежіресін терең білуімен қастерлі. Көркемдік көзқарастарымен, тілдік қуатымен және шебер композициясымен баурайды.

Бөрілі байрақ көтерген, ата қоныс Орқынды мекендеген наймандарды автор көне түріктердің дәл өзі деп бағалауы оқырманды адастыру емес. Тарихи шындықты іздеу, елдік ірілікті ұрпақ жадынан өшірмей таңбалау болып табылады.

Көк бөрі – тотем. Тотем атаулы зор энергетикалық, эзотерикалық қуатқа ие. Егер сол тотем болған жануар әлсіресе, онда сол жануарды құдірет тұтқан халық қоса әлсірейді. «Көк бөрілердің көз жасы» автордың пайымдауынша, найман тайпасының Орқыннан аууы, туған жерімен қоштасуға мәжбүрлігі. Бұл аласапыранға, бұлғақтарға ұшыраудың, жоғалтулардың басы.

Бұл романды найман қағанатының шежіресі ретінде қабылдау керек. Жазушы бірнеше ғасыр бұрын өткен тарихи тұлғаларды тірілтеді. Ханғай тауын жайлаған наймандар ордасы орталық Монғолияда, Орқын өзенінің терістік-батыс тұсында орналасқан ірі этнос болатын.

Қазақтың шығу тегінде, елдік тарихында шежіренің орны бөлек. Шежірені бұл фәниде айрықша қастер тұтатын екі халық болса, бірі қазақ, жалғыз халық болса, қазақ соның нақ өзі.

Этнограф-жазушы, халқының жоғын түгендеуде намыс пен рух шындап, тер төккен алаш азаматы Ақселеу Сейдімбек «Қазақтың ауызша тарихы» атты энциклопедиялық кітабында елдік тарихты небір шынайы деректер арқылы кейінгі ұрпаққа аманаттап кетті.

Найман руының көне тарихын жазушы Т.Зәкенұлы жеріне жеткізе суреттейді. Найманмен бірге керей руы қоса жүреді, екеуі бауыр ел.

Бірақ Керей Оң хан ел басына күн туғанда Теміжүн-Шыңғыстың жақтасы болды, бағынудың басты себебі рухы жеңілуден туғаны шүбә тудырмаса керек. «Олар ер түріктің көне қонысында елдікке жеткен «тоғыз оғыз» бен «сегіз оғыз» бауырлары еді. Сегіз деген сегіз таңбалы найман еді. Тоғыз деген тоғыз таңбалы керей еді.

Ұраны – Қаптағай, таңбасы – жебе ұшы, байрағы – бөрі басы болды», Найманның Күшлік ханының образы нанымды берілген. Оның исламды қабылдай алмауы да тарихи дерек. Ол Шыңғыспен бітімге келмейді, елдік рухын сақтайды. Өліспей беріспей, монғолмен кескілескен қанды соғыста қасқайып өлді.

Тұрсынхан Зәкенұлының «Көк бөрілердің көз жасы» атты тарихи романында найман тайпасының шежіресі халыққа тән ұлы үлгімен – аңыздық көркемдікпен өріледі. Романда автор әйгілі көк бөрі тотемі туралы сюжетті аю мініп жүретін Сәуке шал, бақсының дуалы аузымен үркіншілікте даладан тауып алып, аялап өсірген қызы Ұлтуғашқа әнгімелеп беруі арқылы баяндайды.

Бұл ісі қазаққа тең тараған шежірелік аңыз нұсқасына жатады. Ерғене-Көң тауында туған аңыз. Екі еркек, екі әйел жаугершілікте бір тайпа елден аман қалып, сол тауға барып паналайды. Сонда өсіп-өнеді. Темір кенін игереді. Ерғене-Көң тауына сыймай кеткенде, бір көк бөрі мен теңбіл бұғы жол бастап отырып, жаңа қонысқа жетелеп әкеліпті. Бұл жерлер – Онон, Керөлең, Тоғла – су аттары. Ары қарай бұл аңызға Шыңғыс ханның тууы туралы аңыз қоса өріледі. Ақыры найман сегіз тайпа елге айналғаны туралы ел аузында айтылатын шежіре осы.

Түркі халықтарының шығу тегі туралы этногенездік тотемдік аңыз тарам-тарам болып, ірге бөліп кеткен халықтарға ортақ.

Жер бетіндегі халықтар тарихы қашанда жаугершілік арқылы өлшенеді. Жауынгер бір тайпа бір тайпаны қырып-жояды, тізеге салып бағындырады, біраз бөлігін өзіне сіңіріп алады. Мұны түркі бектерінің тектілік заманынан бері «Әз ұлдарын құл етті, пәк қыздарын күң етті» деп зарлайтын Тоныкөк пен Күлтегін өсиеті растайды. Неге?! Неге түркі халқы табағашқа, монғолға бодан болды? Неге құлдық қамытын киді, бағынды? Ауызбіршіліктің жоғынан сөйтті.

Жазушы Тұрсынхан Зәкенұлы бұл тарихи романында осынау елдік осалдыққа көп мән берген. Найман ханы Күшлік қаһарлы хан Шыңғысқа бағынбаған, өле соғысқан. Бұланты өзенінің бойында Күшлік хан қалып, Алтайдың күн бетіндегі бір туған бауыры Бұйрықтың елінен дерек алып тұрады. Бұларға қарсы жау – монғол-керей жасағы. Расында керей тайпасы монғолға бөтен, түбі найманмен бір туыс ел. «Бөлінеміз деп бөріге жем болдық» деп зар қағады бүліншілік алдында тұрған қайран ел.

«– Күшлік бауырым. Жарық күнде жасын түсіп, жәйін күнде жау тиіп, ел азып, жұрт тозып бір ауыр күй кешіп тұрмын. Алтайдың күн бетін – Бұлғын мен қос Шіңгілден Жайсаң-Сауырға дейінгі жерді жау басып қалды [4, 127].

– Әсіресе мынау Керейге не дауа? Күні кеше ғана емес пе еді, Еркеқараның осында ант-су ішіп, анда болып аттанғаны. Бұрыннан қиыр жайлап, шет қонған, жау алдына бет қонған ағайынның бұл қай бұлтағы? – деп кәрі Көксау Саурық батыр...Сол сәт манағы шал оның сөзіне тағы кіріге кетті:

- Ой, Саурық батыр. Бүгінгі Керей кешегі сен білетін Керей емес. Құржақұстан қалай тақ кетсе, керейден солай бақ кетті. Бүгінде ол монғолдың боданы. Монғолдың кара белбеу хан-нояндары солардың қолымен от көсеп отыр» [4, 128].

«Сол кезде орда талқысында отырған Таян хан: - Бұл хабарға қарағанда монғолдардың аттары әлі арық секілді. Бірақ олардың бізбен соғысуға қанша қол құрап отырғаны белгісіз. Оның үстіне нақ сенген уақ жұрты аяқ астынан монғолға беріліп іргемізді жалаңаштап кетті...», – деді[4, 244].

Найман жұрты Орқыннан айрылады. Бұл автордың философиясында ұлы даланың иесі мен киесі көк бөрілердің көз жасы, тарихта түркі жұртын монғол нәсілі билеуіне жол ашып берген ащы жеңілістің басы болып табылады.

Бұл романда ежелгі дәуірден бері қаймағы бұзылмай жеткен жер-су ататулары, топонимикалық, географиялық деректер үлкен көркемдікпен берілген. Тілі шұрайлы, суреттеуі мықты. Бұлғын мен Қос Шіңгіл, Шіліңгір өзені, Жайсаң-Сауыр; найманның жері – Ханғарқан мен Ханғай, Алтай етегі, Керулен, Кенді тауы, бұл тауды Мыңбұрхан, кейде Бұрхан-қалдун тауы деп те атайды [4, 356]. Ерен-Абыр, Саяпыл, Бұлыңғыр, Боғда, Күнес, Құз-Орда, Алатаудың көк түріктер дәуірінде «Ақ-ола» аталғаны [4, 367], бұл жазушының көруінде найман еліне мадақ.

Талқылау. Әлемге аты мәшһүр Шыңғыс қаған портретін жазушы бір ретте былай суреттейді: «Енді қараса, Сани-Баянның жанында Құлан қатұнның сұлулығы жолда қалғандай екен. «Енді қайттым? Болары болды, бояуы сінді» деп ойлаған ол, қалайда сыр білдірмеуге тырысты. Жіпсиген жылан көзімен Сани-Баянға сұқтана қарап отырып: – Сен неге жылап кіресің? – деді» [4, 321]. Бұл қаһарлы Шыңғыс ханның басқыншылығынан бір деректі танытады, кез келген әміршілер қалағанын істейтін сорлы әйел затының халін, жаулап алған елдердің күндікке, мүсәпірлікке түскен сұлуларының ежелден мәлім жайын білдірсе керек. Бұл эпизодта Шыңғыс ханның асқан ақыл иесі екені терең ашылған. Ол Күшліктің екі баласымен қолға түскен жары Сани-Баян сұлуға басына түскенге көн дегенді ұқтыратын, айласы тұңғыық, тегіне сұқтанған соң аталы сөз айтады: «Ұлыс қолдан қолға өтеді. Әйел затының еркі дәм мен несібеде, дәм айдаған жерге бұйырады. Арлы туған Сани-Баян, ендеше, сен де тағдырыңа қапаланба! Күшліктен күдерінді үз! Мына қызды мен өзім бала қылып аламын. Ұлың өзіңе болсын. Ал сен болсаң, өз нояныңның көңілін тап! – деді» [4, 368].

Шыңғыс ханның саясаты ерекше көреген болып шықты. Ол өз тұқымын асылдандыруды аса шебер жүргізді. Өз ұлдарына өзі жаулаған, ата жауы болған найман мен керейдің текті тұқымынан шыққан қаса сұлу қыздарын

қосты. «Найман мен керейдің хан тұқымынан шыққан осы төрт қыз кейін келе Төледен тараған Шыңғыс әулетінің атақ-даңқын төрткіл дүниеге жайды» [4, 359].

Бұл кей тұсы өлеңмен өрілген романда автор шығыс халықтарының ауыз әдебиетінде айрықша құнды әдеби тәсілді ұтымды қолданған. Мысалы, әр тараудың сыр-сипатын ашатын әрқилы эпиграф атаулы:

Қолына алып қобызын,
Елден елге, бектен бекке келер ақын.
Ерлердің кімі жақсы, кімі жаман,
Білер ақын.
Қорқыт жырынан.

Расында қара сөз бен жыр аралас келетін бұл стиль сонау «Мың бір түн» эпикалық ертегісі мен парсы прозасынан бергі дәстүр жалғасқан әдебиеттің шамшырағындай, батырлар жыры, эпос, фольклоры қуатты қазаққа тән ұлттық сананың дәл өзіндей.

Автор бір оқиғаны суреттеуінде найманның Көксау Саурық батырының мысы басты дейтін Шыңғыс ханның даналығы қиыншылықта білінеді. «Тіпті Байтарақ белегірінде қара балта Көксау Саурықтан жеңілгенімізді ешкім білмесін. Кімде-кім ол туралы айтса басы алынады! – деді Темүжін ат үстінде келе жатып» [4, 14].

Романдағы аса колоритті образ – Сәуке бақсы, ол ат орнына аю мініп жүреді. Ол халықтың рухани өкілі.

Айналайын, арда Алтай!
Ұмай ұлып, ұлар ұшқан қарақан тауым!
Ата-бабам күл төгіп, көң салған,
Төрт түлікке ен салған ескі жұрт!
Есіркесең сен есірке!
Көктегі Төбе-Тәңірім,
Жердегі бөрі Тәңірім сен есірке!
Несібемнен айырма.
Таң бозында жолыққан
Боз күлікті жолаушының жолын тоғыстыр. [4, 43].

Оның өз жыры да көркем, ежелгі бақсылық мәдениет дәстүрінде берілген. Аю жын қызыл көз көріпкел Сәуке бақсының жыры:

...Сыйынған пірім, сен – Тәңір.
Аю пірім, ау, аю пірім.
...Жалғыз жүріп жортатын,
Жан әлемі от пен судай көрікті,
Қайда барса да ерікті,
Жанымда тұрған жас ұлан... [4, 39-40].

Бақсылық халық дүниетанымында жарық дүниенің құпиясын қастерлеуден алшақ кетпейді. Бұл құбылыс Тәңірі берген игі таным.

Айтулы ақын, Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты Несіпбек Айтұлы «Сарықыз» атты поэмасында бақсының поэтикалық табиғатын жырға қосты. [5,59].

Өлімнің қобыз тартса жаны кірген,
Қазақта Қойлыбайды бәрі білген.
Бата алған Қойлыбайдан бала бақсы –
Тілеп те, жын жүгендеп, пері мінген.

Романда ескілікті мақал-мәтел кездеседі: «Садақтан шошыған құс ағаштың ашасына қонбапты» [4,151].

Бұл роман қанды шайқастар мен күрестерде елдік рух шыңдалуын жанды оқиғалар желісімен баяндайды.

Шыңғыс хан тарихы қазақ халқының тарихынан алшақ кетпейді. Әсіресе, тарихи шындық мынау – қазақ мемлекеттігі қалыптасуына ерекше ат салысқан қазақ хандары тегіс Шыңғыс ұрпақтары болып табылады. Дегенмен көне тарих бұл ретте сәл іркіліс тауып, бір жайтты тұспалмен болсын айта кетуден тайынбайды. Ол Шыңғыс ханның тұңғыш ұлы Жошы тарихы. Ал қазақ хандарының баршасы тегіс осы Жошының ұрпақтары.

Тұрсынхан Зәкенұлы «Көк бөрілердің көз жасы» атты бұл романында бұл деректі аттап өтпеуі заңдылық.

«Шыңғыс хан ойланды: «Ұлым Жошы нағып аяқ астынан Қолтуғанға бүйрегін бұра қалды? Мұның әке-бабасынан бізге тарттырғаны аз ба еді? ...Соны біле тұра неге жандасады Жошы? Әлде қанына тартып тұр ма?...»

Шыңғыс хан қызарып терісіне сыймай кетті. Өзін осындай күйге түсірген адамға да, тағдырға да қатты өшігулі. Әсіресе, ұлы Жошының аяқ астынан Қолтуған жағында болуы тегіннен тегін емес. Ол бұл дүниеде дегеніне жетіп,

әлемді жалпағынан билеген жанның да көңілінде бір түйткілдің болатынын енді түсінді... Бірақ мұндай ойларын ешкімге сездірмеуге тырысты» [4,474].

Сөйтіп, меркіт руының соңғы тұяғы, Токта бектің баласы Қолтуған ерді монғолдар ерен қинап өлтірді. Хан Шыңғыс дұшпанын аямай үйренген. Ұзамай Жошы емшектес інісі, анасы бір, бірақ мұны нәсілі бөлек деп жек көрген інісі Шағатай адамдарының қолынан аң аулап жүріп, мерт болады.

Жошының ажалы қазақ елінің жадында «Ақсақ құлан» атты күй аңыз болып мәңгі қалды.

Кетбұға бақсының «Ақсақ құлан» күйі сюжетімен бұл роман аяқталады. Бұл арқылы автор ежелгі түркі жұртының эпостық-эстетикалық болмысы мен көркемдік көкжиегін танытады.

Нәтижелер. Халықтың тылсымдық, эзотерикалық дүниетаным ерекшелігін тақырып еткен туындылардың ішінде С.Байқоңовтың «Өлара» атты хикаяты да – бітімі бөлек дүние. Әу дегеннен-ақ құмалақшы кемпірдің жадау-жүдеу күйдегі портретін сомдаудан басталатын шығарма жан жалғыздығын кешкен кейуаның хал-күйінен хабарлар етеді. Кейуана санасындағы бетбұрысты сәтті жазушы әулиенің түсінде аян беруін суреттеу арқылы аңғартады.

Жазушы құмалақ ашу сәтіндегі кемпірдің ішкі-сыртқы жан құбылыстарын портрет арқылы береді. Хикаятта киелілік қасиеттің атадан балаға жалғасатындығын, оны аялап ұстау әулеттің ұл-қызының таңдаулысының ғана мандайына бұйыратын бақ екенін көрсету үшін жазушы Зауза кемпірдің емшілік қонар алдындағы дертке шалдығуын әулиеге сыйынып, емделуін, түс көріп, түсінде әулие аян беріп, аманатын табыстауы жолындағы азапты сәттерді еске алуын суреттейді.

Жазушы емшіліктің адамға қонуы ұзақ созылатын үдеріс екендігі жайлы көне ұғымдарды авторлық баяндаумен сабақтастырған. Бақсылық, емшілік киесін ұстанған адамдардың ең алдымен ауыр психологиялық дағдарыстан өтетіндігі, аурудың « иелерімен сөйлесудің» өзгешеліктері суреттелген.

Екінің біріне қона бермейтін ауыр азапты жол арқылы келетін қасиет екенін Зауза кемпірдің балғын шағына оралу арқылы елестетеді.

Жазушы әңгімесін енесінің қасиетіне ой жүгірткен келінінің ішкі сезім күйін суреттеумен аяқтау арқылы бүгінгі жаһандану үрдісіндегі халықтық қазынаға назар аудару керектігін меңзеген.

Осындай тылсым ой-түсінікті жазушы Әбділдәбек Салықбай «Құлпығастың киесі» атты әңгімесіне арқау еткен. Аталар аруағын қастерлеген халық марқұмның жерленген орнын да ерекше қадірлеген. Ата-баба қорымы – ата-баба сүйегі жатқан жер олардың мәңгілік мекен тұрағы ретінде жан-жақты қамқорлықпен күтілген. Қабірді бүлдіру ата-баба намысын қорлау, таптау боп есептеліп, қорлықтың ең үлкені саналған.

Қорытынды. Туған жердің киесі мен иесін танып, адами қасиеттердің бастау-бұлағы ата-баба сенімі, культ, архетиптік бастау түсініктер, эзотерикалық тылсым сана қазақ прозасында ауыз әдебиетінен үзілмей келе жатқан тағылымдық-тәрбиелік қызметі жоғары желі болып табылады.

ҚР БҒМ Ғылым комитеті қаржыландырған АР 08855780 "Қазақ прозасындағы мистика" жобасы аясында.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

- 1 Әуезов М. Шығармалары (12 томдық) 1 том – Алматы: «Жазушы». 1969.
- 2 Алтай А. Алтай новелласы: Роман-миф, повесть-притча, новелла. – Алматы: «Өлке» баспасы, 2001 – 292 б.
- 3 Абылқасымов Б. Бақсы сарыны // Қазақ әдебиетінің тарихы. Он томдық. 1-том. Қазақ фольклорының тарихы. Алматы: «ҚазАқпарат», 2008. 198-199-б.б.
- 4 Зәкенұлы Т. Көк бөрілердің көз жасы. тарихи роман. Алматы. "Олжас" баспасы. 2003. -526 б. Айтұлы Н. Бөртостаған - Алматы, Қазақпарат, 2007 ж. 226 бет.

References:

1. Äuezov M. Şyğarmalary (12 tomdyq) 1 tom – Almaty: «Jazuşy». 1969.
2. Altai A. Altai novelasy: Roman-mif, poves-pricha, novela. – Almaty: «Ölke» baspasy, 2001 – 292 b.
3. Abylqasymov B. Baqsy saryny // Qazaq ädebietiniñ tarihy. On tomdyq. 1-tom. Qazaq fölklorynyñ tarihy. Almaty: «QazAqparat», 2008. 198-199-b.b.
4. Zäkenüly T. Kök böriлерdñ köz jasy. tarihi roman. Almaty. "Oljas" baspasy. 2003. -526 b. Aitüly N. Böritostağan - Almaty, Qazaqparat, 2007 j. 226 bet.

МРНТИ 14.01.11

<https://doi.org/10.51889/2020-4.1728-7804.69>

Тамабаева Қ.Ө.,¹ Сейсенбаева Ж.А.,² Шормақова С.М.³

*¹Тараз инновациялық-гуманитарлық университеті,
Тараз, Қазақстан*

*²Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті,
Алматы, Қазақстан*